

Тақырыбы: Еуропалық
қайта өрлеу және жаңа
заман кезеңіндегі
мәдениет.

Пәні: Мәдениеттану

Орындаған: Бекбаева
Жанна

Тобы 4МЛ-10

Жаңа заман еуропалық мәдениеті - [Еуропа](#) үшін жаңа заман (XVII—XIX ғасырлар) мәдениеттің дамуындағы маңызды тарихи кезең болып саналады. Бұл дәуірдің әр ғасыры тарихи уақиғаларға, мәдени төңкерістерге толы. Жаңа заман — өнеркәсіптік өркениеттің қарыштап алға басып, қоғамның барлық салаларында түбегейлі өзгерістердің белең алғандарға байланысты жаңа сипатқа, жаңа мазмұнға ие болды. Ғылымның дамуына еркіндіктің берілуі қоғамдық сананы жаңа сатыға көтерді. Қоғамдық өмірдің барлық салаларында жетекші орынға ие бола бастаған ғылым — адамдардың нәсіліне, ұлтына, табына қарамастан халықтың рухани дүниесін байытуда айтарлықтай рөл атқарды. Мемлекет тарапынан жасалынған үлкен қамқорлықтың арқасында XVII ғасыр ғылыми революцияның даму қарқыны өте жоғары болды. [Ғылыми революция](#) математика және механика саласында басталды да, басқа ғылым салаларындағы ғылыми жаңалықтармен жалғасты.

XVII ғасыр ғылыми революция — адамзат баласының өзін қоршаған дүниені танып-білуге деген құлшынысының жемісі болды. Ғылымның қарышты қадаммен алға басуы және оның қоғамдық өмірдің барлық саласына біртіндеп кіре бастауы рационализмнің қалыптасу процесін аяқтауға мүмкіндік берді. Рационализм жаңа заман адамының өмірі мен бет-бейнесін жан-жақты айқындай отырып, халық санасынан еркін орын алды. Рационализм қоғамдағы орын алған тарихи жағдайларды ескере отырып, христиан дінінің католиктік тармағымен, оның дүниені құдайдың жаратқандығы туралы ілімімен де санасып отырды.



Жаңа Заман философиясы, деп XVII, XVIII және XIX ғасырларды қамтитын дәуір. Шартты түрде – жаңа тарихтың басы деп 1640 жылғы ағылшын буржуазиялық революциясын – капиталистік немесе буржуазиялық қатынастардың, индустриалды өркениеттің бастауы болған құбылысты алады. Үш ғасыр бұрын адамзат ежелгі дүниемен қоштасып (антика және орта ғасырлар), «адам – ғаламдағы ең мінсіз тіршілік иесі, эволюцияның тәжі, демек – дүниенің қожасы» деп сенген жаңа рухани пікірді бекіткен философия болды.

Қайта өрлеу дәуірінің философиясының мұндай екі мінезділігі, оның екі түрлі сапасымен түсіндіріледі: абсолюті шындықты анықтауға бағытталған бала сенімімен қатар, орта ғасырлық философия бағалауының скептицизмімен түсіндіріледі. Сократ философиялық әдісті ойлап тапты, Жаңа заман философиясы – ғылыми әдіс (негізін Аристотель құрған), және де ол жемістілігін көрсетті.



Қайта өрлеу дәуірі үшін адамның өзінің ішкі жан-дүниесіне жіті көңіл аудару, өзін-өзі тану, өзіне-өзі талдау жасау, өзін және өзгені дербес бағалау қажеттілігі тән.

Жаңа заманның басталуы антропологиялық тақырып пен гуманизмді жаңаша пайымдаумен байланысты. XVII ғасыр «ақыл-парасат ғасыры» ретінде тарихқа енді. Бұл кезеңнің ойшылдары адам құпиялары, оның пешенесі, табиғаты, қоғамдағы орны мен жан дүниесі туралы толғанды. Олар адамның ізгіліктері мен кемістіктері, бейімділіктері мен құштарлықтары, адамгершілік ізденістері мен құлдыраулары туралы ой қозғады.



Жаңа заманда еуропалықтардың күш-жігері табиғатты меңгеруге жұмсалды, сондықтан да болар XVII ғасырда ғалымдарының басты назары табиғат құбылыстарын ғылыми тұрғыдан зерттеуге бағытталды. Сонымен қатар XVI—XVII ғасырлар қалыптасқан ұлттық, мемлекеттік, экономикалық және саяси қарым-қатынастардың негізінде философиялық, әлеуметтік және саяси-құқықтық теориялар өмірге келді. Олардың авторлары ғасыр ойшылдары: Гоббс, Джон Локк, Спиноза, Гуго, Гроций және т.б. болды.


- Қайта өрлеу кезеңі Леонардо Да Винчи ми анатомиясын және Микеланжело екеуі психикалық науқастардың мимикаларын суреттейді. Феликс Платтер (1537-1614) : бірінші психикалық аурулардың жіктелуі. Психикалық аурулардың себептерін екіге бөлу: ішкі және сыртқы. Джероламо Кардано ауруды емдеу үшін науқас дәрігерге сену керек деген тұжырым жасайды. У.Харвей кардиоцентрилік теориясын ұсынады. Томас Сиденхем истерияның түрлері сипаттады.

Тициано Вечеллио

Тициан, Тициано Вечеллио (Tiziano Vecellio) (шамамен 1476/77 немесе 1489/90, Венето, Пьеве-ди-Кадоре – 27.8.1576, Венеция к.) – италиялық кескіндемеші, Қайта өркендеу дәуірі кезеңіндегі венециялық мектептің негізін қалаушылардың бірі. Алғашында кескіндеме өнері бойынша Дж. Беллини шеберханасында оқып, тәлім алды; кейін Джорджоне шеберханасына ауысты. Джорджоненің көмекшісі ретінде еңбек етіп, Венециядағы Неміс мейманханасының алдыңғы бетін әрлеп әсемдеуге қатысты әрі оның шығармашылық ықпалында болды. Ұстазы Джорджоне ерте дүние салғаннан кейін оның бірқатар кескіндемелік туындыларын өзі аяқтап шықты. Біртіндеп Тицианның өзіне тән шығармашылық қолтаңбасы қалыптаса бастады да 1516 ж. Венеция Республикасының басты кескіндемешісіне айналды, суретші өмірінің акырына дейін осы атакты 60 жыл бойы сақтап тұрды.

Жаңа заман стильдері.

Бірақ осы жағдайға қарап XVIII ғасыр мәдениеті мен өнерінің өзіндік ерекшеліктері, дәлірек айтқанда өзіне ғана тән көркемдік стильдері мүлде болмаған екен деген ұғым туып қалмау керек. Өнер саласында біртектес стильдер (романдық және готикалық стильдер) қалыптасқан өткен тарихи кезеңдерге қарағанда бұл дәуір өнері өзіндік бет-бейнесімен, өзіндік сипатымен ерекшеленді. Жаңа заман стильдері — заман талабынан туған мәдени қажеттілік болып саналады.



XIX ғасырдың мәдениеті

Жаңа заман мәдениетінде XIX ғасыр мәдениеті ерекше орын алады. «*Классика ғасыры*» деп аталатын бұл кезеңде буржуазиялық өркениет кемелдену шағына аяқ басумен қатар, тоқырау кезеңін де басынан кешірді. Мұндай әділ бағаның авторлары заманымыздың ұлы ойшылдары: О. Шпенглер, Й. Хейзинга, Х. Ортега-и-Гассет және т.б. XIX ғасыр, мәдениеті — бүкіл жаңа заман мәдениетінен рухани нәр алып, көне дәуір мәдениетінің негізінде қалыптасты.

Олар :

- [рационализм](#),
- [антропоцентризм](#),
- [сциентизм](#),
- [еуроцентризм](#) және т.б. болды.

Еуропа мәдениетінің тағдырына дәуірдің үш ұлы уақиғасы:

1. Англиядағы өнеркәсіп төңкерісі,
2. Солтүстік Америка отарларының тәуелсіздік үшін күресі
3. Ұлы Француз революциясы ерекше ықпал етті.

Ұлттық мәдениеттің қайнар бұлағына зер салу, мәдени құбылыстарды тарихи тұрғыдан алып қарастыру, басқа халықтардың өмірімен танысу кездерінде романтиктер бұл тарихи процестердің қайталанбайтындығына, өте сирек кездесетініне, олардың өздеріне тән ерекшеліктері бар екендігіне көз жеткізді. Олай болса «романтикалық тарихилық» — буырқанған революциялық дәуірдің жемісі болып табылады. Романтиктердің көзқарастары бойынша, ақыл-ой немесе адамның санасы арқылы тарихи болашақты, оның бұралаң жолдарын адам болжай алмайды, олай болса таным процесінің басты көздерінің бірі — жүректің үні, интуиция (сезіну) болып табылады. Осыдан келіп романтизмнің «индивидуалистік субъектизм» бағыты келіп туындайды. Оның мән-мағынасы — жат дүниеде адамның өзінің жалғыздығын сезінуі, адам санасында өмірден түңілушілік сезімінің пайда болуы. В. Вейдле «Романтизм дегеніміздің өзі — жалғыздық» деп тегіннен-тегін айтпаған сияқты. Романтиктер өздері өмір сүрген қоғамға көңілдері толмаса да, бостандық пен еркіндік жолындағы күрескер — энтузиастар болды.

XIX ғасырлардың 50 жылдарында Еуропа өнері декаданс дәуірін басынан кешірді. Декаданс («құлдырау» деген мағына береді) өзінің қалыптасу кезеңінде реализмнің түрлі бағыттарымен байланыста болды, сондықтан да болар бұл қарама-қайшылықтарға толы күрделі ағым болып саналады. «Декаданс» термині XIX ғасыр аяғы мен XX ғасыр басында пессимистік, селсоқтық көңіл-күйлерге байла-нысты рухани мәдениет пен өнер саласындағы дағдарысты көрсету мақсатында қолданыла бастады. Мұндай көңіл-күй алғаш рет француз «символизмінде», ағылшын «эстетизмінде», «өнер өнер үшін» концепциясының теоретиктерінің (Д. Рескин, О. Уайльд және т.б.) шығармаларында көрініс тапты. Одан кейінгі уақытта «декаданс» сарыны «модернистерге» де пайда болып, «импрессионизм» ағымында өз жалғасын тапты.



Назарларыңызға
рахмет